



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Жол ережесін бұзғандарға салынатын айыппұл мөлшері өсті

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жаңа айлық есептік көрсеткіш бекітілгені мәлім. Енді 1 АЕК 3450 теңгені құрайды, былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда ол 13%-ға өсті. Тиісінше, жол ережелерін бұзған жүргізушілер төлейтін айыппұлдардың көлемі де артты, деп хабарлайды Egemen.kz.



көлемінде айыппұл төлейді. Ақылы тұрақты қжын төлеуден жалтарған жүргізушіге 3 АЕК - 10 350 теңге айыппұл салынады. Айтса кетсек, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзған, қауіпсіздік белбеуін бекітпеген және көлік тізгінінде ұялы телефон пайдаланған жүргізушілерге 5 АЕК-17250 теңге айыппұл салу көзделген.

### Полиция қызметкерінің талаптарын орындамау

Қызметкердің көлікті тоқтату туралы талабын орындамағаны үшін 40 АЕК - 138 мың теңге айыппұл салынады. Бір жыл ішінде бұзушылық тағы қайталанса, жүргізуші 5 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынып, көлік жүргізу құқығынан айырылады.

### Жаяу жүргіншілер

Жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтамаған жаяу жүргіншілер де жауапкершілікке тартылады. Мұндай құқық бұзушыларға 2 АЕК-6 900 теңге көлемінде айыппұл салынады.

Бір жыл ішінде бұзушылық қайталанған жағдайда айыппұл 10 АЕК - 34 500 теңге дейін өседі.

### Қоғам

Сондай-ақ қоғамдық жерлерде түкірген, белгіленбеген жерлерге қоқыс шығарған азаматтарға да салынатын айыппұл мөлшері өсті. Мұндай бұзушылық үшін 5 АЕК-17250 теңге айыппұл төлеуге тура келеді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

### Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

09.11.2023 ж №25

## Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма төртінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма төртінші сессиясы 2023 жылғы 17 қаңтарда, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **Б.Байғараев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы

23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма төртінші сессиясы 2023 жылғы 17 қаңтар, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 17 қаңтар, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 17 қаңтар, сағат 10.00-де өткізіледі.

### Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

1.Округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы.  
Сессия қарауына келіп тусуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы **Б.Байғараев**



## Банкроттық туралы жаңа заң наурыз айында қолданысқа енеді

Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар қаралды, деп хабарлайды Egemen.kz [primeminister.kz](http://primeminister.kz)-ке сілтеме жасап.

Премьер-министрдің орынбасары-қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев халықтың шектен тыс кредит алуын азайту жұмыстары аясында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң қабылданғанын мәлімдеді.

Оның аясында халықаралық тәжірибені ескере отырып, бірқатар тиісті рәсім қарастырылған. Мәселен, соттан тыс банкроттықты тек банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады. Бұл орайда борыш 5,5 млн теңгеден аспауы тиіс.

Екінші рәсім – сот банкроттығы, оның мақсаты банкроттың мүлкілік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру. Үшінші рәсім – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, онда сот арқылы борышты бөліп-бөліп төлеу (5 жылға дейін) мүмкіндігі көзделеді.

Банкроттықтың салдары: 5 жыл ішінде қарыздар мен кредиттер алуға шектеу (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа); банкроттықты 7 жылдан кейін ғана қайта қолдану мүмкіндігі; 3 жыл бойы қаржы жағдайының мониторингі.

Сонымен қатар осы мәселе бойынша Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова баяндама жасады.

Премьер-министр «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заң биылғы наурыз айынан бастап қолданысқа енетінін атап өтті.

«Бұл құжат кредитін төлей алмай, қиындыққа тап болған жеке тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Жоғарыда айтылғандай, заңда рәсімдердің үш түрі қарастырылған – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Мұндай рәсімдерге қарыз алушының өзі ғана бастамашы бола алады», деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, сондай-ақ азаматтардың міндетті түрде қаржылық сауаттылықты арттыру курстарынан өтуі көзделіп отыр. Бұл орайда осы заң күшіне енгеннен кейін азаматтардың да жауапкершілігі артады.

«Алдағы уақытта жылдам қарыз алу үшін кредиттік тарихының дұрыс болуына азаматтардың өздері мүдделі болуы тиіс. Банкрот деп мойындау қарыздарды төлемей кету емес, тек шарасыз жағдайдағы көмек екенін әркім білуі керек», деді Премьер-министр.

Әлихан Смайылов тиісті заңға тәуелді актілердің бәрін жедел әзірлеп, қабылдауды, сондай-ақ онлайн-режимде қадағалап отыруға мүмкіндік беру үшін азаматтардың өтініш беру және оларды электрондық түрде өңдеу процесін автоматтандыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

Одан бөлек, Премьер-министр Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі екінші деңгейдегі банктермен бірге жеке тұлғаларға кредит берген кезінде қазіргі талаптардың сақталуын қамтамасыз етуі қажет екенін айтып өтті.

«Тұтынушылық кредит алуға тәуекелдерді азайту және халықтың шамадан тыс кредит алуын төмендету үшін шаралар қабылдау қажет», деді Әлихан Смайылов.

Сөз соңында Үкімет басшысы халық арасында заң нормалары мен заңға тәуелді актілер бойынша кең ауқымды түсіндіру жұмысын қамтамасыз етудің маңызды екенін айтты.

«Қажетті ақпарат барлық платформаларда және әлеуметтік желілерде қолжетімді әрі ашық болуы тиіс», деп түйіндеді ол.



зақ аудандық электр желілері, "Созақ аудандық орталық ауруханасы" ШЖҚ КММ басшыларының есептік баяндамаларын тыңдау ұсынылды. Сондай-ақ, қайтарымсыз грант иегерлерінің қаржының мақсатты жұмсалуды жұмыстарына, аудан әкімі жанындағы жер жөніндегі комиссияның атқарып отырған жұмыстарына мониторинг жүргізу жөнінде ұсыныстар ортаға салынды. Жиынды кеңес төрағасы М.Сапаров қорытындылап, 2023 жылы атқарылатын

## Аудандық қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары тақыланды

Ағымдағы аптада аудандық қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Онда 2023 жылы атқарылар жұмыс жоспарының жобасы талқыланды. Жиын барысында жобаға толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша ұсыныс-

тар тыңдалды. Кеңес мүшелері С.Бегманұлы, Т.Жұмақов, Т.Бекқұлиев, А.Нысанбаев, Б.Саржановтар тарапынан "Қазақтелеком" АҚ Созақ аудандық телекоммуникациялар торабы, "Оңтүстік Жарық Транзит" ЖШС Со-

жұмыстар бойынша барлық ұсыныс, пікірлер назарға алынып, тиісті шаралар жүзеге асырылатынын жеткізді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Табиғаттың тосын жағдайы

Қаңтардың басы қатал мінезін көрсетті. Алай-дүлей жел, қарлы боран. Облыс орталықтарымен байланыстыратын жолдар жабылып, барлық шаруа, тіршілікке

жайлардың шатырлары ұшқан, не керек жүректі ауыртатын көрініс. Амал жоқ. Жарық болмаған соң ауыз су да тоқтаған. Құдай қарасқан болар, оқушылар

тық, Жартытөбе ауылдарының жарықтары қосылды. Мұндай жағдайда бірінші кезекте түсіністік, сабырлық танытқан абзал. Төтенше жағдай жарияланған жоқ. Бюджет деген, үйдегі тұрған сейф емес. Ақшаны қалай болса, солай ала салып жарататын. Мемлекеттің қаржысы. Әрбір ақшаның заңды ерекшеліктері бар. Оны қадағалап, бақылап отырған қаншама жоғарыда заңды органдар бар. Аудан басшысының ұйымдастыруымен, демеуші тартып, көмек шақыртып табиғаттың тосын жағдайынан келтірілген зардап, шығындар қайта қалпына келтірілді.

Аққолтық пен Жартытөбе аралығы 4 шақырым болса, Жартытөбе-Бабата аралығы 8 шақырым, ойлап қарасаңыз әр 50 метр сайын орнатылған электр бағаналары құлап қалған, оларды тұрғызып, желілерін жалғау мамандар үшін оңай шаруа емес. Электрик жігіттерге рақмет. Аңызға суық желдің өтінде жұмыс жүргізу. Кран бағаналарды көтеріп берер, қалған жұмыс азаматтар, яғни адам қолымен жасалады. «Оңтүстік Жарық» мекемесінің жігіттерінің еңбегі. Көшелерді, жолдарды үріп тастаған қардан тазалау, бұның бәрі қақаған қыста оңай шаруа емес. Мектеп, ауруханалардың жәй күйлерімен танысып шықтық. Барлық әлеуметтік нысандардың жұмыстары қалыпты жағдайда.

Десекте, күн түн демеі жүргізілген жұмыс нәтижесін беруде. Теріскейдің бір бораны артық екені осы өңірдің тұрғындарына етене белгілі. Еліміз тыныш болсын. Ынтымақ, бірлігіміз, берекеміз жоғалмасын, ағайын! Ел аман болсын.

**Нұржамал МАЙУСОВА,**  
журналист.  
**Аудандық мәслихаттың депутаты.**



себеп болып тұрған электр жарығы сөнді. Аудан әкімі М.Тұрысбеков боран басталысымен тиісті бөлім, мекемелердің негізгі мамандарын жинап бірінші кезекте асуда, жолда қалған адамдарды, жолаушылар құтқарылды. Алғашқы көмек, жәрдем берілді. Аудан басшысы барлық ауыл елдімекендерді аралап көріп, келтірілген зардап, шығындарды қайта қалпына келтіру мақсатында шұғыл тапсырмалар беріп, іске көшті. Боран сәл саябырсығанда ауыл елдімекендерді аралап көріп шықтық. Жартытөбе туып өскен ауылым. Айтары жоқ, Аққолтық, Жартытөбе, Бабата ауылдарын жалғап тұрған 10 киловаттық бағаналар қирап, құлап қалған, желілер үзілген, жеке үйлердің, қора,



## Аудан басшысы жауапты мамандарға қатаң тапсырмалар жүктеді

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков кешкі сағат 21:00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында жиын өткізді. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, бірқатар ауыл округ әкімдері мен бөлім, мекеме басшылары қатысты. Аталған жиында ауданда электр бағаналарын қалпына



келтіру жұмыстары талқыланып, әр елді мекенге бекітілген жауапты мамандарға қатаң тапсырмалар жүктеді. Бір қатарының атқарып жатқан жұмыстарын сыға алып, ескертпелер айтты. Сондай-ақ, жауапты мамандарға қалпына келтіру жұмыстарын үдетіп, ертеңнен бастап таңғы сағат 08:00-де



жұмыс басында болуды тапсырды. Аудан басшысы таңнан бастап, күні бойы аралап, берілген тапсырмалардың орындалуын басты назарға алатынын атап айтты.

## Құлаған электр бағаналарын қалпына келтіру жұмыстары қатаң бақылауда



Аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков күні бойы Бабата, Абай, Балдысу, елді мекендерінде құлаған электр бағаналарын қалпына келтіру жұмыстарының басы қасында болды. Әр елді мекенге жауапты етіп бекітілген мамандарға жасалып жатқан жұмыстарды әлі де болса үдету керектігін қатаң ескертті.

-Біз электр бағаналарын қалыпқа келтіру жұмыстарын әлі де болса үдетуіміз керек. Жасауға қажетті не жағдай болса да, дер кезінде әрекет етіңдер. Өндіріс орындарынан қажет деген техникалардың барлығын алдырудамыз. Жердің бостығына, ауа райының қолайсыздығына қарамауымыз қажет. Техникаларды түнгі уақытта да тоқтатпай, екі ауысыммен жұмыс жасап, әрбір сәтті тиімді пайдалануымыз қажет,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Айта кетейік, электр жарығы қосылған өзге ауылдағы техника, бригадалар аталған елді мекенге толықтай жұмылдырылатын болады.

**Аудан әкімінің бапсасөз қызметі.**







Оқырмандарымыздың есінде болса, газетіміздің өткен сандарының бірінде биыл ауданымызға танымал бірнеше азамат зейнетке шығып жатыр дегенім бар еді. Солардан, Сұлтанғазиев Қанат Құтжанұлы да ұзақ жылдар бойы ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласына сүбелі үлес қосып, Қаңтар айынан бастап кезекті еңбек демалысына шығып отыр. Саналы ғұмырын аудан экономикасын көтеру жолындағы жұмыстарға арнаған Қанат Құтжанұлының өмірі мен еңбек жолы жайлы газетіміздің кезекті санында жариялап, келер ұрпаққа үлгі-насихат етуді жөн көрдік.

## Қырық жыл ғұмырын ауыл шаруашылығында өткізген

Сонымен, Сұлтанғазиев Қанат Құтжанұлы 1959 жылдың 25 қарашасында Шолаққорған ауылында дүни-

мандығы бойынша жұмысын жалғауды ойлап, 2002-2006 жылдары Созақ аудандық аумақтық инспекциясының мал тұқымын асылдандыру ісі жөніндегі мемлекеттік инспекторы, 2006-2007 жылдары Созақ ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің жетекші маманы, 2007-2010 жылдары Созақ ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, 2010-2013 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары, 2013-2018 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары, 2018-2021 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары, 2021-2022 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары қызметтерін атқарған. Қашан, 2022 жылдың 25 қарашасынан зейнеткерлікке шыққанша. Міне ағайын, бұл бүгінгі кейіпкеріміз Сұлтанғазиев Қанат



тикасын жасаумен айналысқан. 2000 жылдың 15 қыркүйегінде Қазақстан мұғалімі газетінде «Шешімі табылмаған мәселе немесе ағылшын тілін өзге елдің тілінде оқыта береміз бе?» деген тақырыпта мақаласы жарияланған. Ал, 2001 жылы «Қазақстан МЕКТЕБІ» журналының 1-2-3 сандарында «Ағылшын тілін қазақ тілімен салыстыра үйрену» атты мақаласында Ағылшын тіліндегі СӨЗЖАСАМ жөніндегі өзденіс еңбегі және 2002 жылдың 4 қараша күнгі «Молшылық үшін» газетінің кезекті санында Қанат Сұлтанғазиевтің ізденіс жұмыстары мен қазақ мектептерінде ағылшын тілін оқытудың жайына алаңдаушылық білдірген бастамасына Қ.Мұратованың «Ағылшын тіліне алаңдаушылық» атты мақаласы жарияланған. Тағы да Қанат Құтжанұлы дайындаған методикалық оқу құралы жайлы ауданда Ы.Алтынсарин, І.Кеңесбаев, Ащысай кенті мен Ақжар елді мекеніндегі Ж.Жабаев, М.Горький атындағы, Байдібек ауданындағы Шаян ауылындағы екі орта мектептердің ағылшын пәнінің

# Бейнетінің зейнетін көретін жасқа келді

еге келген. 1967 жылы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің бастау-рыш сыныбына барып, 1977 жылы 10 жылдық білім алып шыққан соң, сол жылы Алматы қаласындағы Мал дәрігерлік институттың зоотехния факультетіне оқуға түседі. Бес жыл бойы мамандығы бойынша кәсіби білім алып, 1982 жылы «Зоотехник» деген дипломның иесі атанып шығады. Бұдан бөлек 1991-1993 жылдар аралығында Қазақстанның менеджмент, экономика және болжау институтында және өндірісті басқару мамандығы бойынша да білім алған. Ал енді еңбек жолын 1983 жылы Созақ аудандық мал өнімдерін дайындау және сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекциясының мемлекеттік инспекторы болып бастайды. Сондай-ақ, 1985 жылы Созақ аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында аға зоотехник болып жұмыс жасайды. Арада, 1986 жылдан ЛКЖО Созақ аудандық комитетінің 2 хатшысы, 1988 жылдан 1990 жылға дейін Қазақстан Компартиясы Созақ аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметтерін атқарады. Мұнан әрі 1990 жылы Созақ ауданы агроөнеркәсіп бірлестігінің мал өнімдерін дайындау және сапасы жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы, 1990-1991 жылдары Сызған совхозы партия комитетінің хатшысы, 1993-1994 жылдары Сызған совхозы директорының орынбасары, ферма меңгерушісіне дейін қызмет баспалдағымен көтеріледі. Одан 1995-1997 жылдары Созақ ауданы әкімдігі «Шапағат» қайырымдылық қорының президенті болып қызмет істеген. Мұнан өзге 1997-2002 жылдары жеке кәсіппен және шығармашылық жұмыстармен айналысқан. Дегенмен, ма-

Құтжанұлының 1983 жылдан – биылғы 2023 жылға дейінгі аралықта жүріп өткен еңбек шежіресі еді. Білімді де білікті, кәсіби деңгейі жоғары маман осы жылдар ішінде үш бірдей қоғамдық форматты басынан өткеріпті. Атап айтар болсам: Кешегі Кеңес заманындағы алып Кеңсарларда, Еліміз егемендігін алғаннан бергі 30 жылдан астам уақыт Ескі, Қазақстандық қоғамға қызмет етіп келді. Тіпті, былтырғы Қаңтар оқиғасынан соң Мемлекет басшысының аузынан шығып, бүкіл елге ұрандай боп кеткен Жаңа әрі Әділетті Қазақстан қоғамын құруға өз үлесін қосып бастады. Алайда, осы қоғамдық формациялардың қайсысының тұсында қызмет етпесін Қанат Құтжанұлы қашанғы әдетімен өзінің мықты маман иесі екенін көрсетіп, үнемі биік белестерден көріне білді. Комсомол, Партия, «Нұр Отан», тіпті соңғысы «Аманат» партиясының өзі қайда жұмсамасын, қандай тапсырмалар бермесін әрдайым үдесінен шығып, өзіне артылған міндеттемелерді абыроймен жеріне жеткізіп жүрді. Әрине, бұл тұрғыдан алғанда елі еңбегін елеген бақытты азаматтардың да бірі кейіпкеріміз. Нақтырақ айтсақ, 2012-2013-2021-2022 жылдары Созақ ауданы әкімінің марапатталуының иемденген. Ал, 2018-2019 жылдары Түркістан облысы әкімінің алғыс хаттарымен, 2022 жылы Грамотасымен марапатталған. Ал енді, осы жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет Грамотасымен, 2013 жылы мемлекеттік және банк мекемелері қызметкерлері кәсіподағы Оңтүстік Қазақстан облысы кеңесі төрағасының, 2022 жылы «Қызмет» мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету

қызметкерлері салалық кәсіподағы қоғамдық ұйымы төрағасының Құрмет Грамоталарымен және Мемлекеттік және банк мекемелері қызметкерлері кәсіподағы Оңтүстік Қазақстан облысы кеңесінің «ЕҢБЕК ОЗАТЫ» деген мадақтамаларына қол жеткізген. Сондай-ақ, ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласына 40 жыл бойы сіңірген еңбегі ескеріліп, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы «ҚР ауыл шаруашылығы саласы ардагерлері» Қоғамдық Бірлестігінің «ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕР» төсбелгісімен де марапатталған.

## Шығармашылықты да серік еткен Созақтың саңлақ ұлы

Кейіпкеріміздің жоғарыда 40 жылдық саналы ғұмырын еліміздің, Созақ ауданының экономикасын дамытуға, ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыруға сарп еткенін жаздым. Бірақ, бұл Қанат Құтжанұлының өмір бойы тек шаруашылық жұмыстарына ғана көміліп, бар көрген-білгені кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласы десек, қателескен болар едік. Олай дейтінім, Қанат Құтжанұлы осынау қарбалас жұмыстардың арасында шаруашылықтан шаршаған рухына серпіні беретін шығармашылықпен айналысуды да ұмытпаған екен. Тарқатып айтар болсам, 1997-2022 жылдары «Ағылшын тілін қазақ мектептерінде оқытуды жетілдіру мақсатында «Ағылшын тілін қазақ тілімен салыстыра отырып үйрену» деген ағылшын тілі грамматикасының қазақ тілімен салыстырмалы грамматикасы

мұғалімдері автордың методикалық оқу құралын баспаға беру туралы пікірлерін білдірген. Дайындалған қазақша-ағылшынша методикалық оқу құралы 2001 жылдың 12 наурызында ҚР ҰБЫрай Алтынсарин атындағы білім академиясының шет тілдері лабораториясының кеңесінде қаралып талқылаудан өткен және кеңес шешімімен қазақша-ағылшынша методикалық оқу құралын баспаға беруге ұсынылған. Сонымен қатар, Сұлтанғазиевтің «Ағылшын тілін қазақ тілімен салыстыра үйрету» мақаласы ҚР Білім және Ғылым министрлігі Академиялық Инновациялық Университетінің шетел тілдері министрлігі Академиялық Инновациялық Университетінің шетел тілдері кафедрасының мұғалімі Емберді Ақбар Серікбайұлы ағылшын тілін математика және физика пәні студенттеріне үйрету үшін дайындалған методикалық оқу құралында пайдаланған. Бұдан бөлек, Сұлтанғазиев Қанат Құтжанұлы Халықаралық Ақпараттандыру Академиясы Президентінің мүшесі болған. Бұл бағыттағы еңбектері де еленіп, 2022 жылдың 27 желтоқсанындағы шешімімен Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының арнайы дипломымен және мерейтойлық алтын медалімен марапатталды. Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының арнайы дипломы мен мерейтойлық алтын медалін академияның атқарушы директоры, академик Асия Алиевна Стеблякова тапсырды. Осы ретте, Сұлтанғазиевті Созақ ауданының әкімі Мұхит Сексенбайұлының өзі қабылдап, құттықтап, зейнеткерлік өміріне табыс тіледі.

Данияр БЕК.

Зоотехния–мал шаруашылығын өркендету, малдан алынатын өнімдердің мөлшері мен сапасын арттыру жөніндегі теориялық және практикалық білімдердің жиынтығы. «Зоотехния» терминін ғылымға 1 жылы француз ғалымы Ж.Боденан енгізген. Зоотехния мал өсіру жөніндегі білімді жинақтайды және еңбек пен қаражатты аз жұмсай отырып, малдан сапасы жоғары өнімді мол алудың шараларын белгілейді. Адам баласы малды қолда ұстағаннан бастап, олардан алынатын түсім мал тұқымына байланысты екендігіне көңіл аударған. Дәстүрлі қазақ қоғамында ғасырлар бойы төрт түлік мал өсірудің әрқайсысына тән тиімді тәсілдер іріктеліп, мал тұқымын

## Зоотехник деген кім?

асылдандырудың, оларды жыл мезгілдеріне сәйкес бағудың, өнімін арттырудың ұлттық жүйелері қалыптасқан. Қазақстанда зоотехния саласындағы жүйелі зерттеулермен Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу технология институты, Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу технология институты, Эксперименттік биология институты, Батыс Қазақстан, Қостанай ауылшаруашылығы институттары, т.б. көптеген тәжірибе стансалары шұғылданады. Зоотехния малдың биологиялық ерекшелігін зерттейтін ғылым болғандықтан ол биология, зоология, анатомия, гистоло-

гия, физиология, биохимия, генетика, цитология, иммунология, т.б. ғылымдарға сүйенеді және ветеринария, агрономия, ауылшаруашылығы өндірісін ұйымдастырумен, т.б. тығыз байланысты. Республикада зоотехниялық зерттеулерді алғаш 1926–28 жылдары КСРО ҒА Қазақстанға бірнеше дүркін экспедиция ұйымдастырып, байтақ өлкенің әр аймағындағы мал түліктерінің (сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйе) сапасы, өсіп-өну жағдайлары тексерілді (Ю.А. Филиппенко, Ф.Г.Добржанский, Я.Я.Лус, т.б.). 20 ғасырдың 30–40-жылдары В.А.Бальмонттың басқаруымен қазақы

қой прекокс және рамбулье қошқарларымен жаппай бұдандастырылды (М.Ермеков, В.А.Малицкий, А.П.Пшеничный, т.б.), ұяң жүнді, биязылау жүнді қой шаруашылығы (Т.Бөкенбаев, Ә.Жандеркин, М.Әлетов, т.б.), жүндес ешкі шаруашылығы (П.Ф.Кияткин, Жандеркин) құрыла бастады. Дүние жүзіне әйгілі геррефорд (Н.З.Галиакбаров, Б.Мусин, С.Тасболатов), швиц (Д.Н.Пак), симментал (А.Г.Панасенко), қара ала голланд (Т.Ф.Тавилдарова) сиырларын пайдалану нәтижесінде қазақы сиыр тұқымы жақсартылды. Қазіргі заманғы зоотехния жалпы зоотехния, жеке зоо-

техния болып бөлінеді. Жалпы зоотехния малдың барлық негізгі түрлері мен тұқымдарының биологиялық, шаруашылықтық ерекшеліктерін айыра білу нәтижесінде оларды өсіру, азықтандыру, бағып-күту мәселелерін зерттейді. Жеке зоотехния мал шаруашылығының жеке салаларын (сиыр, қой, шошқа, құс өсіру, т.б.) өркендетудің теориялық, практикалық мәселелерімен айналысады. Қазақстан ғалымдары сиырдың екі (қазақтың қасқа сиыры, Алатау сиыры) тұқымын, қойдың үш тұқымын (қазақтың биязы жүнді қойы, қазақтың арқармеринос қойы, қазақтың оңтүстік мериносы), Қостанай жылқысын шығарды.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Аудан тұрғындарының назарына!

18.01.2023 жылы сағат 15:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігінің үлкен мәжіліс залында Созақ ауданының полиция бөлімі бастығының 2022 жылдың 12 айында атқарылған жұмысы бойынша халыққа есеп беру кездесуі өтеді.

Есеп беруге қатысты сұрақтар мен ұсыныстар бойынша төмендегі ұялы телефонына алдын-ала хабарласуларыңызды сұраймыз.

8-702-448-47-41, 8-701-106-25-25.

**Созақ аудандық полиция бөлімі.**

## Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың қаңтар айының 23 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық СЭББ.**

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексine сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

**Созақ аудандық СЭББ.**

# Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің,әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ бөлім басшысы.

## «Әділ» шығыс медицина емханасы

### Жоғары білікті дәрігер

**Тамыр ұстау диагностикасы арқылы (қандай ауру екенін білу және оның емдеу әдісін анықтау);**  
**Емдеу әдістері:**

Денені емдік уқалау (массаж),  
Банкі кою, банк жылжытып емдеу,  
Фитобөшкеде булап емдеу,  
Ине салу,  
Қан алу,  
Кішігірім ота жасау (миниоперация),  
Дәрілік шөптерден жасалған тұнбалар дайындау,  
Әртүрлі емдік шөптер қосылған жақпа май дайындау т.б.

### Емханада шығыс тәсілімен емдеуге келесі ауру түрлері кіреді:

Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары: гипертония, жүрек демкіпесі, гипотония, қаназдық, ревматизм, вена қан тамырларының кеңеюі (варрикоз) қант ауруы.

Асқазан ішек жолдары аурулары: асқазанның қабынуы (кекіру, запыран көтерілуі, асқазан сөлінің ауытқуы, жүрек айну, құсу эптері) асқазанның ойық жарасы.

Өкпе және тыныс жолдары: өкпе қабынуы, тыныс демкіпесі, туберкулез

Жүйке жүйесі аурулары: есте қабілетінің төмендеуі, мазасыздық, хйқысыздық, ашуланшақтық, талма эптері.

Жыныс мүшелері аурулары: жыныс мүшесінің қабынуы, аналық түтікшенің бітелуі, ісінуі, беделік, белсіздік, ен және ен қосалқысының қабынуы, аталық ұрықтың әлсіздігі, простатит.

Бүйрек-қуық зәр шығару жолдары: бүйрек пен қуықтың қабынуы, мүшедегі құм тас аурулары. Тері аурулары: безеу, қышыма қотыр, теміреткі, саңырауқұлақ тудыратын жаралар, аллергиялық қабынулар.

Тірек қимыл жүйесінің аурулары: тұз жиналу (острехондроз) буындардың қабынуы (ревматизм, артрит, полиартрит, артроз) омыртқа протрузиясы, грыжаның түрлері.

Кішігірім ота жасау жағдайы: белдің терісіне жіп тігу арқылы грыжаны кетіру, ішке жіп тігу арқылы артық салмақтан арылу.

**Анықтама алу үшін байланыс нөмірі: 8778-102 73 64.**

## Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021 жылғы 17 наурызындағы №82 бұйрығымен;

«Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығына өзгерістер енгізілгенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі №331 Заңының 13-бабы 1-тармағына

3) пестицидтерді, био-агенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын 10 қаңтарға дейін;

4) бүріккіш және дәрілегіш техниканың бар-жоғы туралы есепті қолында бүріккіш және дәрілегіш техника мен жабдық (ауыл шаруашылығы авиациясы, аэрозольдік генераторлар, атомайзерлік, штангалық, вентиляторлық бүріккіштер, бүріккіш және дәрілегіш техниканың өзге түрлері) бар фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

8) пестицидтерді, био-агенттерді сақтауды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің қойма үй-жайларының болуы туралы есеп, жыл сайын, 10 қаңтарға дейін фитосанитариялық есепті Созақ ауданына қарасты жеке және заңды тұлғалар (ШҚ, ӨК, ЖШС, т.б.) табыс етуі керек.

Фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау

# Жеке және заңды тұлғалар назарына!

сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді делінген. Осыған байланысты, аудандық аумақтық инспекцияға есептердің мынадай түрлері мен мерзімдері бойынша ұсынады;

1) пестицидтерді, био-агенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет 10 шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін;

2) пестицидтердің, био-агенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет, 10 қаңтарына дейін бір рет;

5) химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін;

6) химиялық өңдеу жөніндегі қызметтер көрсету туралы есепті химиялық өңдеулер жөніндегі қызметті көрсететін фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін;

7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексінің 403-бабында жеке тұлғаларға-бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу туралы әкімшілік шара қаралған.

Фитосанитариялық есептілікті Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, №19 мекен жайы бойынша орналасқан Созақ аудандық аумақтық инспекциясына (4-13-05 факс) уақытылы табыс етулеріңізді сұраймыз.

**Асет УАЛИЕВ,**  
**ҚР АШМ АӨК МИК-нің**  
**Созақ аудандық аумақтық инспекциясының**  
**өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

